



@farabishakirti.kz
f @farabishakirti.kz
i @farabishakirti.kz

Ushqyr orla! Biikke samǵa! Álemdi sharla!

Farabı

№08
ТАМЫЗ
2025

shákirti

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ
ОРЫНДАРЫ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА,
АРДАҒЕРЛЕРГЕ, АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ

Орта Меркі, Шет Меркі, Меркі, Меркі,
Тоғызбұлақ, Жалаңаш жердің көркі-ай.

Қапез Байғабылұлы, әнін жазған,
Кәсіби суретші, ақын-сазгер Мәженов Модахмет
Сурет ЖИ



«Абай – төл мәдениетімізді дамытуға өлшеусіз үлес қосқан әлемдік деңгейдегі кемеңгер тұлға, халқымыздың сана-сезімін жаңғыртқан ұлы ақын. Ол жаңа әдебиетіміздің негізін қалап, дүниетанымымыздың көкжиегін кеңейтті. Өскелең ұрпақты білімпаз, еңбекқор, адал азамат болуға шақырып, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыратын қасиеттерді кеңінен дәріптеді. Отанға деген сүйіспеншіліктің және ел мүддесі үшін қалтқысыз қызмет етудің озық үлгісін көрсетті.



ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт Кемелұлы,
Қазақстан Республикасының Президенті

ҰЛЫ АБАЙДЫҢ АМАНАТЫНА АДАЛ БОЛАЙЫҚ!

Хәкім Абайдың мол мұрасы – қазақ халқының ғана емес, барша адамзаттың өнеге алатын асыл қазынасы. Оның ой-толғамдары мен өсиеттерінің өзектілігі ешқашан жоғалмайды. Сондықтан Абайды тану және таныту, шығармашылығын терең зерделеу өте маңызды. Бүгінгі салтанатты іс-шараның түпкі мәні де – осында.

Бұл өңір – Абаймен қатар Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Әуезов сынды ұлттың ұлы перзенттерін дүниеге әкелген киелі өлке. Мемлекет осы аймақты ұлттық құндылықтар мекені ретінде өркендетуге баса мән береді.

Ұлы ойшылдың өміршең өлеңдері мен қастерлі қара сөздері әлі талай ұрпаққа рухани азық болары анық.

Ұлы Абайдың аманатына адал болайық!»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың
Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына орай өткен салтанатты іс-шараға
қатысушыларға арналған құттықтауы.
Akorda.kz.

Farabi shakirti

Мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал

№8 (72) тамыз 2025

Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап, айына 1 рет шығады (электронды нұсқа)

Шығарушы және меншік иесі
«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**
Тамила ИБРАГИМОВА
Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ**

Редакцияның мекенжайы: 040600, Алматы облысы,
Ұзынағаш, Тәуелсіздек, 81.
Тел.: +7 701 730 9312
E-mail: farabi_shakirti@mail.ru
ТАРАЛЫМЫ – 228 дана.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік
басылымды қайта есепке қою туралы КУӘЛІК № KZ28VPY00092839
Астана қ. Берілген күні: 17.05.2024 ж.

Атауы: Республикалық «Farabi shakirti» журналы.
Тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде басылады. Тақырыптық
бағыты: Мектеп мұғалімдері мен оқушыларға, орта және жоғары оқу
орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына,
ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі:
17481-Ж 28.01.2019 жыл

Журналдың цифрлық нұсқасы «Farabi shakirti» редакциясында
қапталды.

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен
олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

МӨҢКЕ БИ КЕЛЕШЕК ТУРАЛЫ

"Кер заман кезінде: -

Көлдiң суы бiтiп, табаны қалар,
Аттың жүйрiгi кетiп, шабаны қалар,
Жақсының атағы кетiп, азабы қалар
Әулиенiң аруағы кетiп, мазары қалар,
Сөйтiп, ақылы жоқ санасыздың заманы болар.

Кер заманның кезінде: -

Құрамалы, қорғанды үйiң болар,
Айнымалы, төкпелi биiң болады,
Халыққа бiр тиын пайдасы жоқ,
Ай сайын бас қосқан жиын болады.

Ишiнде шынтақ айналмайтын,
Ежiрей деген ұлың болады,
Ақыл айтсаң ауырып қалатын,
Бедiрей деген қызың болады.
Алдыңнан кес-кестеп өтетiн,
Кекiрей деген келiнiң болады.

Табалдырықтан биiк тау болмас.
Кер заманның кезінде су тартылып,
Таң мен торпаққа жүк артылар,
Ар-ұяттың бәрiнен жүрдай болып,
Қарап тұрған жiгiтке қыз артылар.

Ишкенiң сары су болады,
Берсең итiң де iшпейдi.
Бiрақ адам оған құмар болады.

Қиналғанда шапағаты жоқ жақының болады,
Ит пен мысықтай ырылдасқан
Еркек пен қатының болады...

Кер заманның кезінде: -
Ертеңiне сенбейтiн күнiң болады,
Бетiңнен ала түсетiн iнiң болады.

Алашұбар тiлiң болады,
Дүдәмалдау дiнiң болады.


Еркегiң қазаншы болады,
Әйелiң базаршы болады.

Жылқы жұлдыз болады,
Қой құндыз болады.

Кебiр жерге теңеледi,
Әйел ерге теңеледi.

Көл теңiзге теңеледi,
Сиыр өгiзге теңеледi.

Ақырзаман адамы -
Сағынып тамақ жемейдi



Ащыны ащы демейдi.
тапқанын олжа дейдi,
Алхам бiлгенiн молда дейдi.
Бiр-бiрiне қарыз бермейдi,
Шақырмаса көршi көршiге кiрмейдi.
сарылып келiп тосады,
Құны жоқ қағазды судай шашады.
Ақырзаман халқының -
Шайдан басқа асы жоқ,
Жақыннан басқа қасы жоқ.
Лағынет қамыты мойынын да
Жұмыстан қолының босы жоқ.
Өрқашанда олардың
Көңiлiнiң қошы жоқ.
Бар шаруасы түп-түгел,
Ендi мұның иесi жоқ.
Заман ақыр болады,-
Жер тақыр болар,
Халқы пақыр болар.
Балалар жетiм болар,
Әйелдер жесiр болар,
"Ө" десе "Мә" дейтiн кесiр болар.
бас қосылған жерлерде
Әйел жағы ден болар.
Жаман-жақсы айтса да
Өзiнiкi жөн болар.

<https://bilim-all.kz>

Сурет ЖИ арқылы салынды



– Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығу, әлемдік жарыста жеңіске жету оңай емес. Білімге деген ұмтылыстың, нағыз еңбекқорлық пен табанды іс-әрекеттің арқасында осындай биікке шығып жатсыздар. Расында, дарынға ие болу, бұл – бақыт. Бірақ жай ғана еңбексіз дарын жетістіктің кепілі бола алмайды. Дарынның көзін ашу керек және оны толығымен пайдалана білу қажет. Әр жеңіс, әр медаль тынымсыз ізденіспен, маңдай термен, үздіксіз дайындықпен келеді, – деді Мемлекет басшысы.

Президент шәкірт қабілетін ұштаған ұлағатты ұстаздар мемлекеттік марапатқа лайық екенін жеткізіп, озық ойлы ұрпақ тәрбиелеген ата-аналарға алғыс айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев халықаралық пән олимпиадалары жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттады

2025 жылғы 11 тамыз

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада халықаралық пән олимпиадалары жеңімпаздарымен және жүлдегерлерімен кездесті.

Іс-шараға 24 лауреат, атап айтқанда, 4 алтын, 11 күміс және 9 қола медаль иегері шақырылды. Оқушылар химия, математика, физика, география, информатика және биология пәндерінен үздік нәтиже көрсеткен.

Президент жастарды, ең алдымен, білім әлеміндегі жеңістерімен құттықтап, шынайы ризашылығын білдірді. Олардың халықаралық беделді білім сайыстарында топ жарып, Қазақстанның атын әлемге паш етуін зор жетістік ретінде бағалады.





Қазақстанның болашағы — жасампаз жастардың қолында екеніне назар аударып, ұл-қыздарымыз әрдайым үздіктер қатарынан табылатынын атап өтті.

— Жастарымыз жаһандық спорт және өнер додаларында жеңімпаз атанып, туымызды көкте желбіретіп жүр. Білім саласындағы беделіміз де артып келе жатыр. Былтырдан бері оқушыларымыз 30-дан астам халықаралық олимпиада мен ғылыми жарысқа қатысып, мыңға жуық медаль алды. Оның 200-ге жуығы — алтын, 300-ден астамы — күміс, ал 500-ге жуығы — қола медаль. Бұл тамаша көрсеткіш Қазақстандағы білім сапасының деңгейі жоғары екенін көрсетеді. Тағы да қайталап айтамын, біз әлемдік жарыста ел намысын қорғаған әр жеңімпазды мақтан тұтамыз. Сіздерді еліміздің бетке ұстар, лайықты азаматтары деп санаймын. Болашақта да Қазақстанның одан әрі дамуына қомақты үлес қосатындарыңызға кәміл сенемін, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жастарға барынша жағдай жасау мемлекеттің басты міндетінің бірі екеніне тоқталды. Бұл бағытта ауқымды іс атқарылып жатыр. Бірақ негізгі жұмыс әлі алда.

— Қазіргі таңда еліміздің әр аймағында

заманауи үлгідегі «Келешек мектептері» ашылуда. Мұғалім мәртебесін көтеруге баса мән беріліп жатыр. Ғылым жолына түскен жастарға жан-жақты қолдау көрсетілуде. Бұл ретте «Болашақ» халықаралық стипендиясы тиімді рөл атқаруда. Жоба аясында мыңдаған жас азамат әлемнің озық университеттері мен зерттеу орталықтарында білім алды. Бүгінде олардың көбі елімізді өркендетуге мол үлес қосуда. Алдымызда тұрған міндет — осы стипендияға нағыз қабілетті, дарынды балаларды іріктеу. Кездейсоқ адамдарды қосуға болмайды. Сондықтан келесі жылдан бастап халықаралық олимпиада жеңімпаздарын «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқуға жіберу туралы шешім қабылданды. Осылайша, біз дарынды әрі талапты жастарға жан-жақты қолдау көрсете береміз, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, халықаралық беделді олимпиадалардағы жастардың жетістіктері ұлтымыздың зияткерлік қуаты мен өскелең ұрпақтың зор әлеуетін танытады.

—Елімізге ғалымдар, инженерлер, педагогтар, дәрігерлер мен басқа да жоғары білікті мамандар қажет. Әсіресе, жасанды интеллект саласындағы мамандар айрықша сұранысқа ие болады. Инновация мен жоғары



технологиялар негізінде еліміздің алдағы даму кезеңдерінің берік іргетасын қалап жатырмыз. «Росатом» компаниясымен бірге салынатын алғашқы атом электр стансасы стратегиялық маңызға ие. Бірер күн бұрын оның құрылысы ресми түрде басталды. АЭС энергетика нысаны ғана емес, ғылыми-техникалық прогрестің жарқын символы болуға тиіс. Әзірге оның атауы жоқ. Бұл еліміздегі тұңғыш станса болғандықтан, халық арасында үздік атау жөнінде байқау жариялауға болады деп санаймын. Осы сайысқа қатысып, шығармашылық қарымдарыңызды көрсетуге шақырамын. Бәлкім, шешім қабылдаған кезде Сіздердің де ұсыныстарыңызға сүйенерміз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы жастарға ғибратты сөзін арнады.

– Біз қазір бәріміз бір ел болып Әділетті, Таза әрі Қауіпсіз Қазақстанды құрып жатырмыз. Бұл – жай саяси науқан емес. Бұл – мемлекеттілігімізді нығайту деген сөз. Осы ауқымды жұмысты жастарымыз үшін бастадық. Енді оны міндетті түрде орындауымыз қажет. Оның бар игілігін, ең алдымен, өскелең ұрпақ, яғни, Сіздер көресіздер! Мен еліміздің жастарына зор сенім артамын. Қазақстан жастары көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр, дарынды, еңбекқор азаматтар деп үнемі айтып жүремін. Ұл-қыздарымыз әрқашан адал азамат деген атқа сай болсын деп тілеймін. Ең алдымен Отанға, елімізге адал болыңыздар. Сіздер халқымызды жер жүзіне зияткер ұлт ретінде танытып жүрсіздер. Әрдайым ізденіс пен еңбек жолында болыңыздар. Өскелең ұрпақ Сіздерге – талантты жастарға қарап бой түзейді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы халықаралық жарыстарда топ жарып, алтын, күміс және қола медаль иеленген жастарға 1500, 1000 және 500 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қаржылай сыйақы сертификаттарын салтанатты түрде табыстады.

<https://akorda.kz/kz/kasym-zhomart-tokayev-halykaralyk-pan-olimpiadalary-zhenimpazdarymen-zhuldegerlerin-marapattady-1174230>

«Тарихи тұлғалар жайлы 10 дерек» айдары негізінде таныстыратын тұлғамыз – XX ғасырдағы археология ғылымының негізін қалаған, тарих, этнография, әдебиеттану, мәдениеттану, тұлғатану салаларында орасан зор еңбек сіңірген, артына мол ғылыми мұра қалдырған ғұлама ғалым, академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан.



ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР ЖАЙЛЫ 10 ДЕРЕК: ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН

1. Әлкей Марғұлан 1904 жылы Павлодар облысы, Баянауыл ауданында дүниеге келген, бала кезінен аңыз-әңгіме, жыр-дастандар жаттап өскен.

2. Ол бала күнінен қазақ және орыс тілдерімен қатар, араб және парсы тілдерін жетік меңгерген. Ежелгі түркі жазуларын оқи алған сирек мамандардың қатарында болған. Осы тілдік қабілетінің арқасында Орта Азия мен Қазақстан тарихына қатысты көптеген ортағасырлық жазба деректерді аударып, ғылыми айналымға қосқан.

3. Алаш қайраткерлердің еңбектері негізінде қайраткер ретінде қалыптасып, заңды жалғасына айналды. 1926 жылы Ленинград қаласында, Шығыстану институтында оқып жүрген шағында Мұхтар Әуезов, кейін А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, А.Байтасұлы бастаған азаматтармен тығыз байланыс орнатады.

4. 1931 жылдан бастап Шоқан Уәлихановтың шығармашылық мұрасын терең зерттеуге кірісті. Кейін бұл бағыт оның бүкіл ғалымдық ғұмырында ерекше орын алды. Сондай-ақ, Әлкей Марғұлан тұңғыш шоқантанушылардың бірегейі еді.

5. Ол 1943 жылдан бастап қазақ археологиясының жеке сала болып қалыптасуына бастамашы болды. КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалында археология бөлімін ұйымдастырды. Бұл Қазақстандағы археология ғылымының ресми бастауы еді. 1946 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының толық мүшесі (академик) болып сайланды. Дәл осы жылы Тарих, археология және этнография институтының археология бөлімін ашып, оны отандық ғылым негізінде дамытты.

6. Әлкей Марғұлан 1946-1952 жылдар аралығында басқарған әйгілі Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы жұмыс істеді. Бұл экспедиция

барысында әлемдік ғылымға белгілі болған Бегазы-Дәндібай мәдениеті ашылды. Бұл мәдениет қола дәуіріндегі қазақ жерінің өркениеттің биік деңгейін айғақтады.

7. Ол археолог әрі фольклортанушы еді. Қазақтың батырлар жырын жинақтап, ғылыми түсіндірмесін жазып, баспаға дайындады. «Ер Тарғын», «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» сияқты эпостарды тарихи-этнографиялық тұрғыдан талдап, олардың халықтың өткен өмірінен сыр шертетін мол мұрасы екендігін айғақтады.

8. Ол қазақ халқының сәулет өнерін, қолөнерін, тас мүсіндерін зерттеп, олардың көне дәуірлермен байланысын ашты. Түркі дәуірінің ескерткіштері мен Орта Азия өркениеті арасындағы тарихи сабақтастықты Кеңестік жүйенің қысымына қарамастан айшықтап көрсетті.

9. Ғалымға 1972 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығы берілді. Бұл марапат оның жарты ғасырдан астам археология мен этнографиядағы еңбегіне берілген жоғары баға еді.

10. Әлкей Марғұлан 1985 жылы Алматы қаласында дүниеден өтті. Артында 3000-нан астам ғылыми еңбек пен ғылыми институт қалдырды. Бүгінде ғалымның атына берілген Павлодар қаласында орналасқан Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті (Margulan University) мен Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының құрамында жұмыс істейтін Ә. Х. Марғұлан атындағы Археология институты бар.

**Автор: Жауынбай Жылқыбайұлы,
Qazaqstan tarihy порталы**

Сурет: ЖИ арқылы жасалған

Қазақстан Республикасының Конституциясы-Қазақстанның Ата заңы. Ағымдағы Конституция 1995 жылғы 30 тамызда жалпыхалықтық референдум негізінде қабылданды және 5 қыркүйек күні өз күшіне енді.



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті:

«Конституция арқылы заң мен тәртіптің үстемдігін қамтамасыз етіп, ауқымды өзгерістерді кезең-кезеңімен қолға алып жатырмыз. Қазақстанның өсіп-өркендеуіне әрқайсысымыз үлес қосып келеміз. Бізді көк паспортымыз, реформалардың жасампаз қуатына деген ортақ мақсат пен мызғымас сенім біріктіреді. Қазақта «Туы бірдің – түбі бір, жолы бірдің – жүгі бір» деген сөз бар. Еліміздегі түрлі этнос өкілдері көк байрақтың астында тұтасып, тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Біздің мүддеміз де, жолымыз да, мұратымыз да – ортақ. Бұл – Әділетті, Қауіпсіз әрі Таза Қазақстанды құру. Осы береке-бірлігімізді сақтап, нығайта берсек, кез келген биікті бағындырамыз».

АТА ЗАҢ ТУРАЛЫ 10 ДЕРЕК

Қазақстан Республикасының басты құжаттарының бірі – Конституция, яғни «Ата заң». Биыл Ата заңның қабылданғанына 30 жыл. Конституция күні қарсаңында ULT.KZ тілшісі Ата заңымыз туралы 10 деректі ұсынады.

1. Қазақстан Республикасының Ата заңы әлемдегі ең жас Конституциялардың бірі.

2. Қазақстанның Ата заңы 1995 жылы 30 тамызда қабылданып, 5 қыркүйекте күшіне енген.

3. Конституцияны халқымыз бүкілхалықтық референдум арқылы қабылдаған. Оған елдің 3 миллионнан аса азаматы қатысты.

Референдум деген - мемлекеттік маңызы бар мәселені халықтық дауысқа салу. Референдум тәсілі алғаш рет Швейцарияда жүзеге асқан. Референдумды әлемде халық таңдауы мен құқығын сақтау ретінде, яғни демократиялық институт ретінде көреді. Бірақ қандай да бір дереу шешілетін немесе кешенді дайындықты талап

ететін, құпиялылық сақтауы тиіс мемлекеттік маңызы бар мәселелер референдумға салынбайды.

Конституцияның 1 бабы, 2 тармағында: «Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу» деп жазылған.

4. Ата заң билік жүйесі бойынша француздық модель негізінде жазылды.

Француздық модельдің үлгісі ретінде Конституциялық Кеңес өкілеттігін жүзеге асырған кезде мемлекеттік органдарға, ұйымдарға, лауазымды тұлғалар мен азаматтарға тәуелді емес, тек Конституцияға бағынады әрі саяси және басқадай себептерге сүйене алмайды. Конституциялық Кеңес өз іс-әрекетінің процесінде, барлық жағдайда, соттардың және өзге де мемлекеттік органдардың құзыретіне жататын мәселелерді анықтаудан және зерттеуден тартынуға міндетті.

Конституциялық Кеңес өкілеттігі, қызметінің ұйымдастырылуы және кепілдігі жағынан соттарға көбірек жуықтағанымен, билік тармақтарының бірде-біреуіне бірікпейді.

5. Қазақстан Республикасының Ата заңы кіріспеден және 10 бөлім мен 99 баптан тұрады.

Конституцияның алғы сөзінде былай деп жазылған: «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз».

Конституцияның 1 бабы, 1 тармағында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп жазылған.

6. Ата заңның «Парламент» бөлімінің 61-бабы көлемі жағынан ең үлкені.

Конституцияның Парламент туралы бабы 515 сөзден тұрады. Айта кетейік, Парламент жоғарғы және төменгі палаталар, яғни Сенат пен Мәжілістен тұрады.

7. Конституцияның ең соңғы бабы судьялар туралы.

8. Конституцияның ең көп бабы – 30 баптан тұратын «Адам және азамат» бөлімі.

9. Ал, ең аз бап – «Конституциялық Кеңес» бөлімінде жазылған. Онда небәрі 4 бап бар.

10. Ең алғаш 1995 жылы Ата заң қабылданғаннан кейін, оған 6 рет өзгеріс енді.

Конституцияға 1998, 2007, 2011, 2017, 2019 және 2022 жылдары өзгеріс енгізілген.

Ата заңға енгізілген соңғы өзгеріс бүкілхалықтық референдум арқылы өтті. Ол 2022 жылы 5 маусымда өтіп, жалпы алғанда мынадай өзгерістер енді.

Қазақстан суперпрезиденттік басқару формасынан күшті парламенті бар президенттік формаға көшті; Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі; Президенттің жақын туыстарының саяси мемлекеттік қызметші, квазимемлекеттік сектор субъектісі басшылары лауазымдарын атқаруға құқығы жоқ; Қазақстандықтар өз бетінше Конституциялық сотқа жүгіне алады; Өлім жазасына тыйым салынады. Ешкімнің адам өмірін қиюға құқығы жоқ; Мәжілістің депутаттық корпусы аралас сайлау жүйесі бойынша құрылады; Сенаттағы президенттік квота қысқарады, мәжілістегі ҚХА квотасы жойылды; Мажоритарлық жүйе депутатты сайлаушылардың қалауы бойынша шақыртып алуға мүмкіндік береді; Тұңғыш президенттің ерекше рөлі мен артықшылықтары туралы ережелер алып тасталды.

Дереккөзі: <https://ult.kz/post/ata-zan-turaly-10-derek>

ОТЫЗ ЕКІНШІ СӨЗ

Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек, білмей іздегенмен табылмас.

Әуелі - білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек. Оның үшін білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең және әр білмегенінді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур хасил болады. Сол рахат білгенінді берік ұстап, білмегенінді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махаббат пайда болады. Сонда әрбір естігенінді, көргенінді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырып алады.

Егер дін көңілің өзге нәрседе болса, білім-ғылымды бір-ақ соған себеп қана қылмақ үшін үйренсең, ондай білімге көңіліңнің мейірімі асырап алған шешеннің мейірімі секілді болады. Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды.

Екінші - ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Бахасқа бола үйренбе, азырақ бахас көңіліңді пысықтандырмақ үшін залал да емес, көбірек бахас адамды түземек түгіл, бұзады. Оның себебі әрбір бахасшыл адам хақты шығармақ үшін ғана бахас қылмайды, жеңбек үшін бахас қылады. Ондай бахас хусидшілікті зорайтады, адамшылықты зорайтпайды, бәлкім, азайтады. Және мақсаты ғылымдағы мақсат болмайды, адам баласын шатастырып, жалған сөзге жеңдірмекші болады. Мұндай қиял өзі де бұзықтарда болады. Жүз тура жолдағыларды шатастырушы кісі бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін! Бахас - өзі де

ғылымның бір жолы, бірақ оған хирслану жарамайды. Егер хирсланса, өз сөзімшіл ғурурлық, мақтаншақтық, хусидшілік бойын жеңсе, ондай адам бойына қорлық келтіретұғын өтіріктен де, өсектен де, ұрсып-төбелесуден де қашық болмайды.

Үшінші - әрбір хақиқатқа тырысып ижтиһатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең айрылма! Егерде ондай білгендігің өзінді жеңе алмаса, кімге пұл болады? Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтіп құрмет күтесің?

Төртінші - білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі - мұлахаза қылу, екіншісі - берік мұхафаза қылу. Бұл екі қуатты зорайту жаһатінде болу керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды.

Бесінші - осы сөздің он тоғызыншы бабында жазылған ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар. Содан қашық болу керек. Соның ішінде уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, зинһар, жаным, соған бек сақ бол, әсіресе, әуелі - құданың, екінші - халықтың, үшінші - дәулеттің, төртінші - ғибраттың, бесінші - ақылдың, ардың -бәрінің дұшпаны. Ол бар жерде бұлар болмайды.

Алтыншы - ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Көрсеқызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!

Абай шығармаларының екі томдық жинағының Екінші томы, «Жазушы»
баспасы, 2005 жыл, 117-118 беттер

БІЛІМДІДЕН ШЫҚҚАН СӨЗ

Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге,
Көкірегінде болсын көз.

Жүрегі - айна, көңілі - ояу,
Сөз тыңдамас ол баяу.
Өз өнері тұр таяу,
Ұқпасын ба сөзді тез?

Әбілет басқан елерме,
Сөзге жуық келер ме?

Түзу сөзге сенер ме,
Түзелмесін білген ез?


«Айтшы айтшылап» жалынар,
Ұққыш жансып шабынар.
Ұқпай жатып жалығар,
Ұйқылы-ояу бойкүйез.

Жас баладай жеңісқой,
Байлаулы емес ақыл, ой.
Ойлағаны - айт пен той,
Ыржың-кылжаң ит мінез.

Сұлу қыз бен я батыр
Болмаған соң, тәңірі алғыр,
Шығып кетер, я қалғыр,
Оған ақыл - арам без.

Жақсыға айтсаң, жаны еріп,
Ұғар көңіл шын беріп,
Дертті ішіне ем көріп,
Неге алтынды десін жез.

«Ой, тәңір айшыл» кер есек,
Қулық, сұмдық не өсек
Болмаған соң, бір есеп -
Мейлі қамқа, мейлі бөз.



СЕНБЕ ЖҰРТҚА, ТҰРСА ДА ҚАНША МАҚТАП

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзінді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.

Өзінді сенгіштікпен әуре етпе,
Құмарпаз боп мақтанды қуып кетпе.
Жұртпен бірге өзінді қоса алдасып,
Салпылдап сағым қуған бойыңа еп пе?

Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме,
Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,
Сонан тапқан шын асыл, тастай көрме.

ЖАСТЫҚТЫҢ ОТЫ, ҚАЙДАСЫҢ

Жастықтың оты, қайдасың,
Жүректі түртіп қозғамай?
Ғылымның біліп пайдасын,
Дүниенің көркін болжамай?

Адамның тауып айласын,
Кісілікті ойламай.

Қаруын көңіл сайласын,
Қолға ол түспес бойламай.

Махаббат, қызық кім көрер,
Оның да дәмін татпаса?
Біржола басты кім берер,
Жаныңа қайғы батпаса.

Аямай жанын дос ерер,
Жолдастықты ақтаса.
Алдыңа айдап кім келер,
Ерінбей жүріп бақпаса.

Мал бақпақтық шаруа боп,
Адал тауып асықпай.
Құр айғаймен әуре боп,
Өнердің жайын баса ұқпай.

Енді нені істейміз,
Бәрінен де бос қалдық?
"Ауызға келіп түс" дейміз,
Қылып жүріп құр салдық.

<https://bilim-all.kz;>

Сурет: <https://egemen.kz/>

Мектеп – білімнің қайнары

Бала оқытып, болашаққа заман талабына жауап бере алатын шәкірттен білікті, кәсіби маман иесін қалыптастыруда мектепті бөлуге болмайды. Мемлекеттік мектеп те, жекеменшік мектеп те еліміздің «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, мақсаты - жүрегі ізгілік нұрына бөлген Қазақстанның патриотын тәрбиелеп, қатарға қосу. Бүгінде мемлекеттік – жекеменшік әріптестік негізінде құрылған мектеп мегаполистердегі мектеп жасындағы бала санының көбеюіне байланысты орын тапшылығын шешудің тиімді жолының бірі. Республика бойынша, ресми дерекке сүйенсек, жеке мектептер 500 – ден асқан. Яғни, ата-аналар мейлінше баласын жекеменшік мектепте оқытуға ниетті. Мектеп қатарының көбеюі – жылда мектепке бірінші сыныпқа келетін бала санының өсуімен байланысты. Бүгін, жекеменшік мектеп тек ірі қалаларда ғана емес, аудан орталықтарында да бала оқытып, дарынды балалар қатарын толықтыруда.

Сөзімізді әрі қарай жалғастырып, Қаскелең «ҚурсAnt Shool» мектебінің директоры **ТОҚТАРБЕКОВ Оралбек Съезбекұлымен** сұхбаттастық.

– Оралбек Съезбекұлы, мектеппен танысуымызға дәнекер болған биылғы мектеп түлегі жас тілшіміз, Қазақ – Американ университетінің I – курс студенті Арайлым Узақбай. Арайлымға жас тілші куәлігін тапсыруға келгенде, мектептің техникалық базасының жабдықталуын, оқушылардың жетістігінен хабардар болдық. Соған қарамастан, мектепті мемлекеттік, жекеменшік деп бөліп, шәкірттер көңіліне қаяу түсіруге бола ма?

– Қайырлы күн! Сәлеметсіздер ме! Сұхбатымыз



Ата заңымыз - Конституциямыздың 30 жылдығы қарсаңында өрбігелі отыр. Осы сәтте барлық қазақстандықтарды Конституция күнімен құттықтаймыз!

– Білім алу – барша қазақ елі ұл-қыздарының ортақ міндеті. Жекеменшік мектептің ашылуы шәкірттерге сапалы, жаңа заман талабына лайық білім беру сұранысына ие болып отыр деп білемін. Мұның басты себебі, жыл өткен сайын елдің демографиялық өсімінің жоғарылап, жас отбасында мектеп жасындағы балалар саны да артуда. Сол себепті, әр жаңа оқу жылында мектепке баратын оқушылардың да қатары артып, қала мен ауыл мектептері екі және үш ауысымда бала оқытуда. Бұл – көптеген ата-ана үшін ғана емес, оқушыға да қолайсыз. Әсіресе, 9 бен 11 – сыныпты бітіретін ұл-қыздардың қабілетін дамытуға қолайсыздық туғызады. Сондықтан, мемлекет қолдауымен жекеменшік мектептер біртіндеп бала саны көп Астана, Алматы мен Шымкент мегаполистері мен облыс орталықтарында ашылууда. Кейінгі жылдары көші-қонға байланысты айталық, Қаскелеңдей оқушы саны салыстырмалы түрде көп ауылда жекеменшік мектептің ашылуы қажеттіліктен туындаған мәселе.

Сондықтан, ата-аналардың таңдауымен жекеменшік мектепке келетін балалар саны да жылдан жылға артуда. Бұл ата-аналардың таңдауы. Бұдан шәкірттерді



шарт еді. Өкінішке орай, ондай білім беру мекемесі болмады. 2017 жылы білім беру орталығы болып құрылды, 2021 жылы мектеп болып білім көкжиегіне қанат қақтық. «КурсAnt Shool» мектебінің ашылуы Қарасай ауданы жоғары сынып оқушыларына серпіліс берді, білім алуға деген құлшынысын арттыруға себепші болды деп ұялмай айта аламын.

Мектептің ашылуына екі маңызды идея негіз болды. Алғашқысы оқушы саны көп ауылдық жерлерде осындай мектептің болмауы, екіншісі ауыл балаларының білімін қала мектебі оқушыларына теңестіруге дәнекер болу. Олай болатыны, ауыл

жалпы білім беретін және жекеменшік мектептің оқушысы деп бөлуге болмайтынын ескертемін. Әйтсе де жекеменшік мектептің артықшылықтары бар. Ең алдымен, сыныптағы бала санының жалпы білім беретін мектепке қарағанда екі – үш есе аз болуы. Аз оқушымен сабақ өтудің тиімділігі жоғары. Оқушы да жеке пәндер бойынша білім алуда қабілетін толық игере алады. Ұстаз да шәкіртке білім бере отырып, оның білімге құштарлығының артуына, сабақ кезінде уақытын оқушымен жұмыс істеуге көбірек бөлуіне уақыт табады. Сондай-ақ, біздің мектеп оқушылары еркін, креативті, бастамашыл, мектепшілік шаралардан тартынбайтын жеке тұлға болып қалыптасып келеді.

– Мектептің ашылуына қолдау көрсетіп,



Қаскелеңнің балаларын жинау идеясы кімдікі? Сіз басқарып келе жатқан мектепті шәкіртпен толықтырып, білікті маман жинауда қиындықтар кездесті ме? Ұстаз бен шәкірт қалай қабылданады?

– «КурсAnt Shool» 2017 жылы ашылды, тұрғындар саны жағынан еліміз бойынша халқы тығыз орналасқан мекен - Қаскелең қаласы. Бүгінгі таңда Қарасай ауданы бойынша 90 мыңнан астам оқушы мектепке барады. Оның ішінде 10 -11-сынып оқушылары 11 мыңнан асады. Бұл оқушылар тікелей біздің аудитория. Сәйкесінше, соншама оқушыны ҰБТ-ға тереңдетіп дайындайтын, олардың келешігіне жарқын жол ашып, шетелде жоғары білім алуға мүмкіндік беретін, бағыт – бағдар көрсететін бір жоғары мектептің ашылуы

мен қала мектептері оқушыларының білімі сарапқа салынғанда, ауыл мектебі оқушысының білім деңгейі сәйкес келмей қалатыны жасырын емес. Жетелей білсе, ауылдық елді мекенде талапты, талантты, дарынды балалар өте көп. Соған қарамастан, білім додасында білім деңгейін қала баласымен салыстырғанда қалып кетіп отырды. Біздің мақсатымыз ортадағы осы бір айырмашылықты мейлінше азайтып, ауыл балаларына жан-жақты білім алу еркіндігіне мүмкіндік беру болды.

Қарасай ауданында шәкірт жинауда қиындық туындамайды. Білікті, бүгінгі жаңа технологияларды меңгеріп, бала оқытатын ұстаз жинау мәселесі туындаған. Қай сала болса да кәсіби маман табу қиын мәселе. Осы кезге дейін ұстаз тапшылығы болды. Ауылдық жер болғандықтан, біліктілігі жоғары мұғалімдер Алматыға көшіп кеткен. Тәжірибесі бар, кәсіби деңгейі жоғары мұғалімдер өз мектептерінде орнығып қалғандықтан, олар мектебімізге келмеді. Сол себепті, ұстаз жетіспеушілігін жолға қоюдың тиімді жолын таптық. Алғаш мектеп бітіріп, педагогика мамандығын тандап, ЖОО орнына түскен өз студенттерімізді бала оқытуға шақырдық. Ассисент, куратор ретінде I-II курста тәжірибе жинады, III-IV

курста сабақ беруге машықтана бастады.

Мектебімізге келіп, білім алуға ниеттенген кез келген оқушыны қабылдап, бір ай көлемінде жан-жақтылығын қадағалаймыз. Тәртібі жақсы, ынтасы бар талпынып тұрған оқушы болса, еш кедергісіз қабылданады. Ұстаз да үш деңгейлі шарт бойынша қабілеті мен біліктілігін көрсететін тест тапсырады, әңгімелесуден өтеді. Сабақ беру тәжірибесі тексеріледі. Қазіргі кезде мектебімізге алғаш ұстаз болып орналасқан ұстаздың шәкірттері 24-25 жастағы азаматтар өзі білім алған мектебіне келіп, бала оқытуда.

– Білімді шәкірт – білікті ұстаздың еңбегінің жемісі. Жетістікке жету үшін ең алдымен материалдық базаның жабдықталуы мықты болуы керек. Бар мүмкіндікті тиімді пайдаланғанда, жетістікке қол жетіп, нәтижесі болады. «KursantShoolдың» жетістіктерімен бөлісе отырсаңыз.

– «Kursant Shool» мектебі оқушыларының жетістігі ең алдымен ҰБТ нәтижесімен өлшенеді. Соңғы үш жылда Қарасай ауданы бойынша 10 оқушы тесттен жоғары балл алса, кемінде 9 – і біздің мектептің түлегі. Соның ішінде ауданда біздің мектептің оқушысы Құдайберген Айнұр ҰБТ – ден 139 балл жинап, рекорд орнатты. Сол нәтиже әлі күнге дейін жалғасып келеді. Аудан бойынша ҰБТ – да жоғары балл жинаған нәтиже біздің түлектердің үлесінде болды. Былтырғы оқу жылы 10 шәкірт 130 балл жинаса, жиырмадан астамы – 120 балмен білім деңгейінің жоғарылығын көрсетті. Мектеп оқушыларының білім сапасының орташа деңгейі 90 балға жетті. ЖОО мемлекеттік грантын түлектердің 84 пайызы иеленді. Әкімшілік, жекеменшік грантын иеленген түлектерді қосқанда, мектеп түлектерінің 90 пайызы грант иегері атанды.

Екінші бағыт – оқушыларды пән олимпиадаларына дайындаймыз. Мектебіміз аудандағы ең үздік олимпиадалық мектептің бірі. Өткен оқу жылы 15 оқушы аудандық олимпиадаға қатысып, жүлделі орынға ие болды. 3 оқушы I орын иеленді, облыстық олимпиадаға 3 оқушы қатысып, оның біреуі чемпион болып оралды. Республикалық олимпиадаға ауыл мектептері секциясы бойынша қатысқан оқушымыз Республикалық математика пәні бойынша чемпион атағын жеңіп алды.

Бүгінгі таңда Малайазия, Түркия, Корея мен Еуропаның үздік университеттерінің грантын жеңіп алып, оқып жатқан түлектерімізбен мақтанамыз. Сонымен бірге еліміздің таңдаулы ЖОО әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Сүлеймен Демирел атындағы Университеттерінің ішкі грантына ие болған түлектерімізді кейінгі шәкірттерге үлгі етіп айтамыз.

Үшінші бағытымыз – мемлекеттік грант иелене алмай қалған түлектерімізді ынталандырып, еліміздің беделді 4 Университеттерімен меморандум



жасасқанбыз. Атап айтқанда, біздің басты серіктесіміз – SDU, Қазақ – Американ Университеті, Халық шаруашылығы, басқа да Университеттердің ішкі грантымен білім алуда. Соның ішінде КАУ – да білім алатын түлектеріміз көптеп саналады.

– Жекеменшік мектептің тірегі – ата-ана. Сіздің мектеп оқушыларының жетістігін тыңдай отыра, ата-аналардың жекеменшік мектепке деген ынтасының артып келе жатқанын байқадық.

– Жекеменшік мектепті тірегі - ата-ана. Неге ата-ана баласын жекеменшік мектепке әкеледі? Жалпы білім беретін мектептерде білім беру мен тәрбиелеудің нашарлығынан емес, сыныптағы оқушы санының шамадан тыс көп болуынан, мысалы бір сыныпта бала саны кей мектептерде 40 – тан асып кетеді. Мұғалім қаншалықты білікті болмасын, бір сыныптағы осынша оқушыны қырық бес минутте игере алмайды. Оқушы санының көптігіне мектептегі сыныптың іші бейімделмегендіктен екі, кейбір мектепте үш ауысымның болуы. Бұл ата-анаға ғана емес, әсіресе үшінші ауысымнан шығатын балаға өте қолайсыз. Үшіншіден, тұрғылықты мекенжайға байланысты жаңадан келген, соның ішінде пәтер жалдап тұратын ата-ана үшін мектепте бала санының толып қалуына байланысты басқа мектепке ауысуы себепті ата-ана ұл-қызын жекеменшік мектепте оқытқанды жөн санайды.

Тағы бір тоқтала кететін жайт – қазіргі таңда мектеп оқушылары арасында буллинг мәселесінің ұлғая бастағаны. Оқушылар кейінгі кезде зорлық –

зомбылыққа көп ұшырап жатқаны белгілі. Оқушысы көп мектепте мұндай бұзақылықты қадағалау қиын, ал жекеменшік мектепте бала санына байланысты жеке қадағалаудың мүмкіншілігі жоғары.

– Мектептегі жас ұстаздардың кәсіби біліктілігі, ғылыми дәрежесі қандай? Жас мұғалімдердің орнығуына қандай қолдау көрсетілуде. Кадр тапшылығы, оның бір орында тұрақтамай, жиі ауысып отыруы – білім сапасына әсер ететіні шындық.

– «Ұстаз болу – жүректің батырлығы» - деген ақын Ғафу Қайырбеков ағамыздың өлең жолдары біздің мектептің жас ұстаздарына бағытталғандай. Бірінен бірі өткен іскер, бүгінгі оқу бағдарламаларын игеріп жандүниесімен бала оқытуға ниеттенген жастар. Ұстаздық етудегі басты талап – тәжірибелі болу емес, тәжірибе алдағы жылдары да қалыптасатын әдіс. Ұстаз мамандығын таңдаған әрбір жастың мектепте балаға деген ықыласы, шәкіртінің ынтасын жігерлендіре білу. Бала сабақ оқымайды дейді, бала сабақ оқығысы келмегендіктен емес, мұғалімнің назарынан тыс қала бергендіктен, мұғалімнің көңіл бөлмеуінен сабағы нашар болады деп өз жеке пікірімді білдіремін. Мектебіміздің ұстаздары жас болғанына қарамастан аз ғана уақыт ішінде жоғарыда атап өткен жетістікке жеттік. Кәсіби біліктілігін арттыра отырып, мектептің жас педагогтары бала оқытуда шеберліктерін шындай түсетіні сөзсіз. Білім сапасының стандартқа сай болуы – мектеп – ата-ана мен ұстаздың бірлескен ынтымағының нәтижесі.

– Мектеп мақтанышы – шәкірттердің жаһандық трендке айналған білім платформаларында ғылыми жоба байқауларына қатысуда. Осы тұрғыдан алғанда, дараланған оқушыларды атап өтсеңіз.

– Оқушыны шындайтын білім платформалары – ғылыми жоба байқаулары, пән олимпиадалары, өнер



мен спорт жарыстары. SDU тарапынан өткізілетін At Hub – тарға, республикалық және халықаралық олимпиадаларда топ жарған оқушыларымыз бар. Университет ұйымдастырған ішкі шығармашылық байқауына белсенді қатысып келе жатқан оқушыларымызды атаймыз. Өткен оқу жылы Ташкент қаласында өткізілген балалар мен жасөспірімдер арасындағы халықаралық музыка байқауына қатысқан оқушыларымыз Айя Валиханова мен Альмухамед Қаптагаев есімді оқушы математика олимпиадасына қатысты. Екі шәкіртіміз де I орын орын иеленді. Алдағы жаңа оқу жылынан бастап, дарынды шәкірттерімізді одан әрі дамыта бермекпіз.

– Әңгімеңізге рақмет! Алдағы уақытта білім жетістігінің биігінен көрінулеріңізге тілектеспіз.

Сұхбаттасқан: Ж.Кучукова,



Ән әлемінің төресі

Аса көрнекті сазгер, ән жанрының әйгілі майталманы, осы заманғы қазақ эстрадасының негізін салушылардың бірі, Қазақстанның халық әртісі, «Қазақ вальсінің королі» Шәмші Қалдаяқовтың туғанына – 95 жыл. Ол - 1930 жылдың 15 тамызында Оңтүстік Қазақстан облысының Қызылқұм ауданында дүниеге келді. 1992 жылы 29 ақпан күні 62 жасқа қараған шағында халық әртісі Алматыда мәңгілік сапарға аттанды.

ШӘМШІНІ АҢСАУ

Даладан, ауладан үйге кірсем телеарнадан Шәмші Қалдаяқовтың әндерінен концерт беріліп жатыр екен. Отыра қалып, қарап, тыңдап отырмын. Жүрекке жылы, сезімге толы, сөзі де, әуені де бір - біріне үйлесімді әуезді әндер орындалып жатты. Мен ән әуеніне ілесіп, елу - алпыс жыл артқа шегініп, балалық шаққа, жастық шаққа оралып, ой жетегіне ілесіп кетіппін...

Аулымызда электр жарығы жоқ, радио жоқ көрші ауылда ғана болды. Бір күні көрші ауылға кеткен апайым: - Жаңа ән үйреніп келдім.

Радиодан естідім.

Болсақтағы жаңа таныс,

Жүзсек те алғаш қайықта.

Ұшқыр қиял кетті - ау алыс,

Бұйырмашы айыпқа, - деп тоқтады да бұл «Қайықта» деген жаңа, жақсы ән үйреніп алайық, - деді

— Махаббат айдынында, қайықта қалықтап бірге, бұл ән осылай келген еді Шәмші аға. Аулымызға матормен жұмыс істейтін электр станция орнатты.

Керасин шам орнына электр шам келді. Радио орнатты. Мотор түнгі сағат 12 - ге дейін ғана жұмыс істейтін. Радиодан жаңалық тыңдап, ән еститінбіз. Осы радиодан «Ана туралы жыр» әнін естіп үйрендік.

Әлемнің жарығын

Сыйладың сен маған,

Даланың әр гүлін,

Жинадың сен маған, - деп біреуіміз бастап, қалғандарымыз қосылып әнді үйрене бастадық, үйрендік.

Аулымызда төрт жылдық мектеп жабылып, көрші ауылдан оқитын болдық. Мектеп совхоздың конторы, магазин бәрі бір жерде аралары жақын болатын. Үзіліс кезінде қалтамызда тиын болса, ең шеткі киоскіге жүгіретінбіз. Прәндік, кәмпит алып жейтінбіз. Сонда дүңгіршекте совхоздың кеңсесінен Құмар деген жігіт сатушы қызға сөйлесуге келіп тұратын. Бір күні сол жігіт қызға қарап бұрын естімеген ән айтып тұрды:

Балауса қыз едің бір кезде,

Шашыңа ақ бантик байлаған.

Өзгеріп кетіпсің бұл күнде,

Көркіңе көз тастап, ойланам, - деп айтып тұрған ән осы «Ақ бантик» әні екен. Европалықтардың балкон астында серенада айтып тұрғандай Құмар ауыл серенадасын айтып, Камал тыңдап жүріп екеуі үйленді. Бай - қуатты өмір сүрді.

Кейіннен ақын Мұхтар Шахановтың сөзіне жазылған «Арыс жағасында» әнімізбен таныстық. Көрмеген соң жағасында толқынға қарап ойланып бір сұлу қыз тұрған соң, Арыс үлкен өзен болып елестейтін. Кейін машинамен ары - бері көпірден өткенде көрдім шағын өзен екен. Ақын мен композитордың құдіретімен өзеннің аты Сырдариядай, Ертістей, Ақжайықтай үлкен дария болып елестейтін. Сондықтан жағасында бір сұлу қыз тұрған махаббат дариясы болып ойда қалды.

Жамал Омарова апамыздың орындауында «Ақ маңдайлым» әні, сіздің әніңіз әдемі, әсерлі естілетін.

Көк майса Алатаудың бөктерінде,

Гүл тердік жастық шақтың көктемінде.

Алдымнан арнымдай жарқ етіп ең,

Қолымды жеткізгендей көкте күнге, - деп Жамал апамыз нақышына келтіре әдемі орындайтын. Біз де өзімізше әдемі айтуға тырысатынбыз. Сіздер кешіріңіздер, кейде біздер өлеңнің сөзін бұзып, өзіміздің тауымыздың атын қосып:

Көк майса Барлық таудың бөктерінде,

Гүл тердік жастық шақтың көктемінде.

Алдымнан арнымдай жарқ еттің сен,



Қолымды жеткізгендей көкте күнге, - деп ұнатқан қыздарымызға айтатынбыз. Мұзафар Әлімбаевтың сөзін өзгерттік. Ал Шәмші аға, сіздің әуеніңіз, музыкаңыз өзгерген жоқ. Осылай да бізге әсерлі естілетін. Талайымыз осы әнді айтып жүріп, ақ маңдайлымызға қосылып, үйленгенбіз.

Артта қалған көп жылдардың бірінде егін ору кезінде «Сүйген болсаң сағынаарсың» әніңізді тыңдадық:

Әлі есімде көк белестер,

Көк белестер көзге елестер,

Егін орған, серуен құрған,

Қызу күндер, қызу кештер, - деген әніңізді естідік.

Көк белестердің бірінің етегінде жазық жерде егіншілер қосы, асхана, қырман бар еді. Бұл жеті кезеңі, жеті белесі бар жер болатын. Сол белестердің түзу жерлеріне егін егілетін. Егін піскен кезде алыстан егіндік сары жолақ болып көрінетін. Кешке қосқа қарсы биік жерге от, алау жағып өлең айтып, әңгімелесіп осы әндеріңізді айтатынбыз. Етектен: - Әй, балалар, жатындар, таңертең тұрмайсындар, - деген бригадирдің дауысын еститінбіз.

Сіздің әр әніңізді ұната, жақсы қабылдайтынбыз. Сіз аңыз адам болдыңыз, біз үшін Шәмші аға!

Әр әніңіз шыққан сайын ол әннің шығу тарихы осылай болыпты солай болыпты деп сіз туралы аңыз адамға лайық әңгіме еститінбіз, дүнген қызына ғашық болып, ән шығарып, «Сырғалым» деп ат қойған екенсіз. Ал сыған қызына да осылай ән шығарып, серенада жазып, солармен, табормен бірге кетпек болған екен, - деген әңгіме айтылатын. Табор

кетті, сыған қызы да кетті. Сіз қалдыңыз, керемет ән шығардыңыз. Сіз оларға арнап ән шығарғаныңызбен, бірге кеткен жоқсыз. Сіз «Сыр сұлуы», «Ақ маңдайлым» «Ақ бантик» байлаған қыз, «Тамды аруы» тұрғанда сіз ешқайда кетпейсіз, Шәмші аға, кеткен жоқсыз.

Бүгін де жетпістен асып, егде тартып, үйде отырып, ән айта алмасақ та, әніңізді тыңдап, жастық шағымызды сағынып, сіздің әніізбен өткізген өткенімізді аңсаймыз. Ал, Мұқағали ағамыз:

Сол күндер ғой, жүректің аңсағаны,
Соған шөлдеп, айызым тамсанады.
Өкініш пе, білмеймін, қуаныш па,
Жүрегім өз-өзінен ән салады.

Шәмшіге айт, тағы да бір таңдандырсын,
Жындандырсын, жүректі жандандырсын.
Мәңгі өлмес махаббатым айта жүрер,
Мәңгілік өлмейтұғын ән қалдырсын.

Әнсіз өмір, өмір ме, қаңсымай ма,
Өзегінді өртеп бір жаншымай ма.

Махаббатқа арнап бір ән шығарсын,

Шәмші - ау, Шәмші қайда, Шәмші қайда? - деп Мұқағали ақын да сізді іздеп жатыр, Шәмшіден сұрап жатыр, Шәмші аға.

Ибрагим Исаев және Қалдыбек Құрманәлі інілеріңіз сіз туралы керемет өлең жазып, ән шығарды. Сізден: - Ескегін қайығыңның қалдырдың аға кімге, - деп қайығыңның ескегін сұрайды, Шәмші аға.

«Қайық бейне су бетінде махаббаттың бесігі», - деп едіңіз өзіңіз. Енді Қалдыбек Құрманәлі ініңіз ғашықтарды махаббат бесігінде тағы да тербетпек болғаны ғой. Қалдыбек тағы да «Аққулар арасында әнің жүр барасың ба», - деді ғой сізге. Әрине сіз аққулар арасында жүрген әндеріңізге бара алмайсыз. Қалдыбек ініңіз аққулар арасында жүрген әндеріңізді көрді!

Көрді! - Иә, ол талантты ақын, композитор.

Көктем мен күзде аспанда қалықтаған аққуларға қарап, қиялмен аққулар арасында жүрген ақ қанат әндеріңізді мен де көрдім. Аққуларға ілесіп, «Ана туралы» жырыңызбен, «Әлемнің жарығын сыйлаған, даланың әр гүлін мен үшін жинаған, балапаным, құлыным,» -деп басымнан сипаған, анама барғым келеді, жылы сөзін естігім келеді. «Әлдилеп аялап, өсірген жемісін, самал жел сая бақ құшағым сен үшін, - деген анамды, әкемді көз алдымнан өткізем.

Арыстың жағасында ақ бантикті балауса қызбен танысып, айлы жаз кешінде, ұзақ түн сырласып, көл бетінде, қайықта, махаббат бесігінде тербеліп, ақ маңдайлыммен



келісіп, кешікпей келем деп ең, мен тұрмын елеңдеумен, - деп тосқан ақ маңдайлыммен үйленген жастық шағыма, көк белестерді, көзге елестетіп өткенге оралғым келеді Шәмші аға!

Кейде көңіл күй болмағанда, көгілдір аспанда қалықтаған, аққуларға, ақ қанат әндеріңізге ілесіп, бәрін тастап өзіме де беймәлім, тылсым қияли әлемге кеткім келеді, Шәмші аға! Аққулар арасында жүрген ақ қанат әндеріңізге сіз де, мен де бара алмаймыз, амал қанша. Шәмші аға! Тек қиялмен ғана ілесеміз. Біз бәріміз сіздің әндеріңізді сағынамыз, аңсаймыз. Бірде Алматыға жол сапардан қайтып келе жатқанмын Камаз терезесінен оңтүстікке қарай ұшып кетіп бара жатқан аққулар тізбесін көрдім. Тоқтап, жерге түсіп, аққулар қикуын естіп, алақанмен көзімді күлегейлеп, ілесіп қайта

Шымкентке қарай жүріп кетіппін. Аққулар да артқылары алдыңғыларына «біз бармыз» дегендей қиқулап көңілі бос мені тастап, оңтүстікке, жылы жаққа қарай ұзап бара жатты.

Машина тоқтағандай болды. Біреу қолтығымнан ұстап: - Аға, қайда барасыз? Алдыңызда жол шетінде қасқырлар осылай келе жатыр.

— Қайда барасыз? - деп қайта сұрады.

— Аққулар кетті... Шәмші... Ән... Қалдыбек Құрманәлі... Мұқағали... Шәмші... Шәмші қайда? -деп үзіп, үзіп сөйлеп кетіппін...

— Ой, аға қиялдап кетіпсіз ғой, Қалдыбек Құрманәлі мен Ибрагим Исаев інілеріңіз ғой Шәмші әндерін аққулар арасына қосып, «Аққулар арасында, әнің жүр барасың ба?» - деп Шәмші ағамыздан сұраған. «Мәңгі өлмес ән қалдырсын, Шәмші-ау, Шәмші қайда, Шәмші қайда? - деп Мұқағали ағамыз ғой, Шәмшіні іздеген.

Аққулар кетті, Шәмші жоқ, Мұқағали жоқ, Шәмші жоқ. Олар артынан мәңгі өлмес тамаша әндер қалдырды. Аққулар да Шәмші әндерін сіз бен біздерге қалдырып кетіп барады, аға!

Ал, сол кездегі шашына ақ бантик байлаған балауса қыздар бұл күндері басына ақ жаулық байлаған әжелер болды. Немересінің бесігін сіздің әніізбен тербетіп ұйықтатады. «Тамды аруына»

Ебелектей жел аңсаған,

Көбелектей гүл аңсаған

Келем, саған, келем саған, - дегенсіз. Келе алмай-тыныңызды білсе - дағы әніңізді аңсайды, тамды аруы. Құлаққа таныс әуен естілді. Ойым бұзылды. Телевизорға көз салсам, алтын күнді аспаны бар, алтын дәнді даласы бар қазақтардың Шәмшіге арналған ән кеші аяқталайын депті. Барлық әншілер мен жүргізушілер Қазақстан Әнұранын айтып тұрды.

ҚУАНБАЕВ Бекен Ұқанұлы,
Ардагер, ардақты әке, Алматы
Сурет :<https://nationalgeographic.kz>;
«Айғақ ақпараттық порталы»



Қазақ футболының жаңа жұлдызына айналған Темірлан Анарбеков туралы не білеміз



Фото: olimpbet.arena

Алматыда жаңа футбол қаһарманы пайда болды. «Қайрат» қақпашысы Темірлан Анарбеков клубтың Чемпиондар лигасының топтық кезеңіне тарихи жолдамасын қамтамасыз еткен басты кейіпкерге айналды. Ол кім және неге оны қазірдің өзінде қазақстандық футболдың жаңа жұлдызы деп атай бастады, деп хабарлайды turkystan.kz [Vesti.kz](http:// Vesti.kz)-ке сілтеме жасап.

«Селтикке» қарсы қарымта матчтың пенальти сериясында, 21 жастағы қақпашы шын шеберлігін көрсетті - үш бірдей пенальти соққысын қайтара отырып, «Қайраттың» 3:2 есебімен жеңіске жетуіне шешуші үлес қосты (негізгі уақыт - 0:0).

«Қайраттағы» қосалқы құрамынан Қазақстан футболының басты үмітіне дейін 2003 жылдың 14 қазанында дүниеге келген Темірлан Анарбеков футбол жолын туған қаласы - Атырауда бастаған. 2017 жылы ол «Қайрат» академиясына ауысты, ал 2022 жылы негізгі құрамға көтерілді. 2024 жылдың басым бөлігін ол астаналық «Жеңісте» жалға ойнап, тәжірибе жинақтады.

«Селтикпен» болған матчта ол мәжбүрлі түрде алаңға шықты - алғашқы ойында негізгі қақпашы

Александр Заруцкий жарақат алған. Жас ойыншы осы мүмкіндікті толық пайдаланып, өз атын таныта білді.

Анарбековтың статистикасы: ол өзін дәлелдей алды.

2025 жылғы маусым Темірлан үшін карьерасындағы ең маңызды кезеңге айналды. Оның еншісінде барлық турнирлерде 11 матч, 7 допты өткізіп алды және 7 ойында ешбір голсыз өткізді. Бірақ нағыз сынақ дәл осы «Селтикпен» болған шешуші ойын болды, онда ол пенальти қайтарудың шебері болды.

Темірлан бір матчта жұлдызға қалай айналды?

«Селтикпен» ойын алдында оның Instagram парақшасында небәрі екі мыңға жуық оқырман болған. Қазір - 22 мыңнан астам, және бұл сан минут сайын артып келеді. Анарбеков енді жай ғана «Қайрат» ойыншысы емес, клубтың тарихи жетістігінің символына айналды.

Жасы небәрі 21-де болса да, Темірлан Анарбеков Қазақстан футболының шежіресіне есімін жазып үлгерді, ал оның болашағы бұдан да жарқын болатыны анық.

Айта кетейік, алдағы қыркүйекте Қазақстан құрамасын 2026 жылғы әлем чемпионатына іріктеу ойындары күтіп тұр, енді Темірлан бұл деңгейде де өзін көрсетуге дайын.

<https://turkystan.kz>



Ата Заң - еліміздің мызғымас берік тұғыры

Түлкібас ауданының Тастұмсық ауылдық кітапханасы мен "Нұр-бала" бөбекжай - бақшасы ЖШС-і ұжымымен қастерлі Ата Заңымыздың қабылданғанына 30 жыл толуына орай «Елім менің - айбаройым, асқарым!» атты тәрбие сағаты ұйымдастырылды.

Бүлдіршіндерге Ата заң туралы айта келе Қазақстанның әр азаматы - кішкентай ес біле бастаған сәбиден бастап, еңкейген қария дейін Ата Заңмен қорғалатынын айттым. Биыл 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Конституциясына 30 тамызда 30 жыл толды. Конституция 9 тараудан, 99 баптан тұрады. Конституция, Ата Заң (латынның латынша constitutio - яғни «құрылым» сөзінен шыққан) - Мемлекеттің негізгі заңы, елдегі барлық басқа заңдарға қатысты жоғары заңды күшке ие заң немесе заңдар тобы. Конституция осы заманғы мемлекеттіліктің маңызды белгісі, мемлекеттің бастапқы саяси және құқықтық құжаты болып табылатынын ұл-қыздарымызға балабақшадан айтып, санасына сіңіруіміз азаматтық міндеттеріміздің бірі. Бүгінде барлық ауылдық елді мекендерде балабақша жұмыс істейді. Бүлдіршіндердің мектепке дейінгі мекемемен қамтамасыз етілуі, оларды заман ағымына лайық тәрбиеленуі, бала қауіпсіздігінің қорғалуы – Ата заңмен қорғалатынын айтып өттім.

Конституциямыздың бірінші бабы, бірінші тармағында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп жазылған. Біз демократиялық құндылықтарды алға тартып өмір сүретін, адам құқықтары мен бостандықтары мемлекетіміздің негізі болып

қаланған елде тұрамыз. Тәрбие сағатына бөбекжай-бақшаның «Қарлығаш» мектепалды даярлық тобының бүлдіршіндері қатысты. Кітапханашы "Біздің Отан" атты Мұзафар Әлімбаевтың әңгімесін оқып беріп, тәрбиеленушілермен сұқбат жүргізді.

Тәрбиеленуші бүлдіршіндер Мирталибов Мирекүб «Отаным», Байрамов Орхан «Ата заңым – айбарым», Мустафаева Айша «Менің елім» атты тақпақтарды жатқа айтып берді.

Тәрбиеші Кочкарова Мавлуда Камаловна «Менің елім - менің қорғаным» деген тақырыпта ойын жүргізіп, балалардың санасына ел рәміздері, конституция туралы маңызды ақпараттар берді. Тәрбие сағаты соңында «Отанды сүй, жас ұрпақ» тақырыбында бүлдіршіндерге арналған суретті кітаптар бүлдіршіндер назарына ұсынылды. Ата заң туралы айтып, онда қадап тұрып айтылған Мемлекеттік тіл, Отан қорғау, еңбек ету, адал адам болу қағидаттарын отбасындағы ұл-қыздарының жасына лайық айтып отыру – балабақша тәрбиешілері ғана емес, ата-ананың да міндеті екенін ұмытпаған орынды.

Бүлдіршіндер жүрегіне Мемлекеттік рәміздер, Конституция – Ата заң, Отан, туған ел туралы мағлұматтар орнықты деп білемін.

ТОПАНБАЙ Мейірхан Мейрамбекұлы,
Түлкібас аудандық орталықтандырылған
кітапханалар жүйесіне қарасты
Тастұмсық ауылдық кітапханасының
кітапханашысы,
Ф.ғ.к.аға оқытушы Кайырбекова Ұ. С.
Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы
университетінің
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім
бағдарламасының магистранты
Түркістан облысы

Абай дана, Абай дара қазақта



Жетісу облысы, Сарқан ауданы әкімінің орынбасары (ортада) Алмас Ажарханұлы

Ұланғайыр даламыздың жазиралы төсінде туып, халқы мен оның болашағы үшін аянбай еңбек еткен тұлғалар туралы сөз бастасақ, ең әуелі көз алдымызда оларды тәрбиелеген аналары тұрады. Шоканды тәрбиелеген әжесі Айғаным, Абай анасы Ұлжан мен әжесі Зеренің тәрбиесі оны бүгінгі әлемдік деңгейге жетуіне жетеледі. Абай облысы, Жарма ауданы, Қалбатау ауылында дана Абайдың әжесі Зере Бектемірқызы мен немересі Абайға арнап тұрғызылған ескерткіш бар. Зере әже Қалбатау бауырында дүниеге келген.

Зере әжеміздің өнегесіне сүйене отырып, Сарқан ауданының құрамында бала оқытқан ұстаз, кітапханашы, медицина және пошта қызметкерлері мен басқа да саланың зейнеткер аналары бірігіп, қолымыздан келгенше, бірлесіп жас ұрпаққа білген – түйгенімізді айтып, үйретуге бел байлағанбыз. Биыл Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына орай ауданымызда көптеген шаралар өтуде. Әжелер де көпке ортақ іске атсалысып, Абай шығармалары негізінде жас ұрпаққа акын ғибратын айтуда. Иә, бүгінгі жаңа технологиялардың қауырт дамып жатқан шағында, ұл-қыздарымызды ұлттық құндылықтар аясында тәрбиелеуге аналық үлесімізді қосудамыз. Әжелер өткізетін шараларға аудандық әкімшілік қызметкерлері қатысып, пікір білдіріп тұрады. Абай атамыздың 180 жылдығына арналған шараға Сарқан ауданы әкімінің орынбасары Байғұнысов Алмас Ажарханұлы қатысып, сөз сөйледі.

Шараларды әртүрлі форматта түрлендіріп өткізсек, жас буынға мотивация берері сөзсіз. Дүбірлі тойға ерекше сый дайындап, әдеттегідей,

шараны мектеп және Ардагерлер үйінде емес, табиғатқа шығып өткіздік. Акын табиғатты ерекше сүйген, өлеңдерінің әр жолынан табиғаттың бір ерекше бөлшегін көреміз. Ауданымыз әсем табиғатының таңғаларлық тұстар көп-пқ. Әсіресе, қолмен әкеп тізгендей орналасқан тау тастар ауданымыздың көне тарихынан сыр шертеді.

Абайдың табиғат лирикасы дегенімізде, «Желсіз түнде жарық ай», «Жаз», «Күз», «Қыс» өлеңдерінің әр жолы табиғат пен адам өмірі егіз екенін айтады. Біз әдемі қойтастар орналасқан ортада Абай әндерін шырқадық, өлеңін оқыдық. Керемет әсер алдық. Абай өлеңдері мен аудармаларын, поэмаларын, «Қара сөздерін» күн сайын оқып отырудың адамның рухани



дүниесінің баюына пайдасы орасан екенін көпшілікке жеткізе білдік деп ойлаймыз.

Ардақты әжелер өткізетін шараларды төраға Қ.Жанасбеков басқаратын аудандық ардагерлер ұйымымен бірлесіп өткіземіз. Өйткені, мына ғаламда отбасындағы әкенің орны, әкенің өр тұлғасы орнын басқа алмастыратын адам жоқ. Өткізетін шараның тақырыбына байланысты ауданымыздың әр ардагері өз пікірін, ақыл – кеңестерін айтып отырады. «Абай дана, Абай дара қазақта» атты шығармашылық кешті өткізуге ардагер аналар, аналар кеңесінің төрайымдары – К.Таймасова, К.Қалиева, Е.Сүдірбаева, Ф.Тажиева, С.Ералина, С.Нурахметова, М.Жантасова, Р.Хаджимқызы, М.Сағымбаева, А.Есимова, Т.Чабденова, К.Кадирсизова, Ш. Асқарғалиева, М.Жантасова, Р.Ахмадиеваның еңбектері орасан.

Шараға аудан тұрғындары мен қоғам белсенділері қатысты.

**СМАХАНОВА Ұлжан
Өзбекханқызы,**

**Жетісу облысы, Сарқан ауданы
әжелер кеңесінің төрайымы,
«Қазақ аналары дәстүрге жол»
Республикалық
қоғамдық бірлестігінің бас
кеңесшісі**



Кітап - асыл қазына. Ол білім мен тәрбиенің қайнар көзі, рухани дамудың басты құралы. Кітап оқуға машықтанған адам әрқашан ізденісте болып, ойы ұшқыр, кез келген жағдайда өз пікірін ашық білдірері сөзсіз. Кітап - жаңа мүмкіндіктер ашады. Тіпті адамның өмірге деген көзқарасын қалыптастыратын да кітап! Бірақ өкініштісі қоғамда кітап оқитын жастарымыз санаулы. ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының 2023 жылғы мәліметі бойынша, жастардың 60%-ы кітапты сирек оқиды немесе мүлде оқымайды екен. Соның салдарынан өз тілімізде еркін әрі нақты сөйлеу кезінде қиындықтар туындап жатады. Бұл жағдайдың алдын алу жолы - әдеби кітаптарды көп оқыған жөн.

Мысалы, Мұхтар Әуезовтың “Абай жолы” романы арқылы біз тек Абай атамның өмірімен ғана емес, қазақ халқының болмысы, мәдениеті, құндылықтарымен танысамыз. “Абай жолы” демекші, бұл менің сүйікті кітаптарымның бірі. Осы кітап арқылы Абай Құнанбаевтың тек ойшыл ғана емес, халықтың үмітін арқалаған, жаңашыл тұлға ретінде орны бөлек екенін аңғара аламыз. Роман оқып отырған оқырманды ойландырып, тәлім- тәрбиеге баулып, ұлттық құндылықтарға деген құрметті арттырады. Егер менен көмек сұрар болсаңыз, дәл осы кітапты оқуға кеңес берер едім. Кітап оқуға кедергі болатын басты себептердің бірыңғайы: смартфонға тәуелділік,



қызығушылықтың төмендігі және оқу дағдысының жетілмегендігі. Бос уақыттың көп бөлігі TikTok, Instagram сияқты желілерде өтеді. Статистика бойынша, Қазақстан жастарының 60%-ы күніне кем дегенде 4 сағатын смартфонмен өткізеді, ал тек 15%-ы ғана тұрақты түрде кітап оқиды (Ұлттық статистика бюросы, 2023).

Қызығушылықтың төмендігі – екінші себеп. Кітап оқуға бағыт-бағдар, мотивация жетіспейді. Мектеп пен отбасыда кітапқа деген сүйіспеншілік бала бойына сіңбесе, ол оны өз бетімен дамытуы екіталай. Бұл мәселенің салдары – ойлау қабілетінің таяздануы, сөз байлығының азаюы, терең ой жүгіртуге деген бейімділіктің төмендеуі.

Шешу жолдары қандай?

- Мектептерде қызықты форматта оқырман клубтарын ұйымдастыру
- Әлеуметтік желіде кітапқа арналған челленджер өткізу
- Танымал тұлғалар арқылы кітапқа қызығушылықты ояту

Кітап – жан азығы. Смартфон уақытыңды ұрласа, кітап санаңды байытады. «Кітап – білім бұлағы, білім – өмір шырағы» деген сөз бекер айтылмаған. Кітап оқыңдар – өз болашағыңа инвестиция салыңдар!

САҒЫНДЫҚ Аяжан,
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ – нің студенті

КЕГЕННІҢ АМАНБЫСЫҢ, КЕҢ ШАТҚАЛЫ!

Кегеннің аманбысың, кең шатқалы!
Не заман рахатыңды аңсатқалы,
Сары кемер – Ақар-шақар сарайларың
Алдымнан шыға келді самсап тағы.
Ол сарай – қақ бөлінген таулар еді –
Тағдырдың төбеде ойнап қол шоқпары,
Астынан жер мөңкіген бір заматта
Солқ етіп, түсіп кеткен сол шақтағы.
Осылай түсіндірген бүркітші шал
Сексеуіл бұтағындай саусақтары,
Қияға көп қараған көзі қызыл,
Мұртының ерімеген моншақтары

Абдрахман Асылбек

КЕГЕН

Жер жанның дегенге,
Сенбейін бе, сенем бе?
Тұңғыш рет жол түсіп,
Келіп едім Кегенге.
Тамылжыған табиғат
Тіленіп тұр өлеңге.
Кереге тау төңірек,
Керіліп тұр көгенде.
Ашық аспан, алтын күн
Төңкерулі төбемде.
Ағып жатыр сылдырап
Тас бұлағы төменде.
Бозторғайы бұлдырап,
Күй ұқтырған кереңге.
Құлпыралы гүл құрақ,
Белес-белес белеңде.

ҚАРҚАРА

Ойым сергек... Қиялым, сергек денем,
Қарқараның жазығын тербеп келем.
Шаранасын тепкілеп шарқ ұрып ой,
бұлқынады нәресте – жөргекте өлең.
Қарсы алдымда – хан таулар, көрік тұнып,
көңілімді тербейді, еліктіріп.
Қалай ғана жыр болып төгілмессің,
сұлулықты осынау көріп тұрып?!
Сырт қойнауын тербетіп күй алыстан,
Лабасы басынан қиял ұшқан,
Үш Қарқара – жаулығын жайған үш қыз,
махаббаттан, жаралған қиял құстан...
Ұмтылады бір арман күйіп-тасып,
қылаңытқан бөктерге киік қашып;
мұз жастанған шыңдарың – батырлардай,
жорықтан соң көз ілген иықтасып.
Ойым сергек, сезімім, сергек денем...
Қарқараның жазығын тербеп келем.
Сағыныштың сабылтып сал күреңін,
туды бір Сөз-нәресте, жөргекте өлең,
Қарқараның жазығын тербеп менен....

шілде, 1984 жыл.

ТОҒЫЗБҰЛАҚ!

Тоғызбұлақ ауылы қайың жұртым,
Сақтаған сыбағасын майын, құртын.
"Күйеу" деп көтергеннің арқа қағып,
Бір тойын басқаруға дайын тұрдым!
Жүректен жыр маздатып, от өремін.
Төбеме туған елді көтеремін!
Ақтоғай,



Кеңсу,
Арал,
Орта Меркі,
Сал Қапез, әнге қосқан мекені едің!
"Шет Меркі,
Орта Меркі,
Меркі"- дейді!
Жаз келсе бал арасы тентірейді.
Өмірдің өзгермейтін арнасына,
Құлдилап бұлақ біткен мөңкілейді.
Жайдақбұлақ,
Кеңсу мен Талды болар,
Таудың жұрты қашанда малды болар.
Қымыз ішіп қызарған жігіттері,
Жер тарпыған айғырдай жалды болар.
Бұл күнде ақын ұлдың бағасы бар,
Шапқанда шаң жұқтырмас шамасы бар.
Жел беріп желкенімнен үрлеп жүрер,
Сарыдай сен аман бол, Нағашылар!
Құрық тимес құнанмен қырға жостым,
Тау тастар жаңғырады тыңда, достым?!
Сары,Таз мекендеген бұл ауылды,
Дүние-ай, дүбірлетіп!

**Фото мен кермет өлең жолдары
Максат Ережеп бауырымыздың
парақшасынан алынды
Дереккөзі: facebook «Райымбек батыр
ұрпақтары» парақшасынан алынды**

Есей Жеңісұлы

КЕГЕНДЕ БІР АСУ БАР ҚАЙҚЫ ДЕГЕН...

Кегенде бір асу бар Қайқы деген,
Ақ түнде биігіне ай түнеген.
Қарайып қожыр-қожыр жартастары,
Сыңсиды, желмен бірге айтып өлең.
Өр Қайқы, асқақ Қайқы, асау Қайқы,
Басына бұлт іркіліп, аса алмайды.
Тұтасып, мұнарланып қарға адым жер,
Бауырына дәуірлердің көші орнайды.
Өр Қайқы, тентек Қайқы, шалт мінезі,
Қытымыр қарт та өзі, мәрттік өзі.
Тарынса, ішін тартып, қар ұйтқытып,
Асыққан көліктерді қалт тізеді.
Орнаған айналаңа тастан қала,
Жартастар көкке қарай баспалдақ, ә!
Өр Қайқы құшағына қысып алса,
Көңліңе жалғыз медет аспан ғана.
Бұл биік тау ұлына – жүрек емі,
Жол барып, сол биікке тіреледі.
Тырмысып Кеген жақтан шыға қалсаң,
Қалаға дедектетіп жібереді.
Ерлері бұл өлкенің ерек ойлы,
Досымен несібесін бөле жейді.
Қайқының асуларын тік шаншылған,
Сол ерлер жай әншейін төбе дейді...

<https://bilim-all.kz> <https://www.zharar.com/>

Сурет:<https://www.minber.kz>;
<https://kazgazeta.kz/news>



Қоғамдық жұмыстармен көне қалалардың бірі – Сарқанға келгенімде, аудандық әжелер кеңесі ұйымдастырған «Мектепке жол» акциясының куәгері болдым. 2008 жылдан бастап жыл сайын еліміздің барлық өңірлерінде 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында дәстүрлі республикалық «Мектепке жол» акциясы аясында әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасының балаларын жаңа оқу жылына дайындауға қолдау көрсету мақсатында материалдық қолдау көрсетіліп, мектеп формасы, аяқ киім және кеңсе тауарларын сатып алынып, балаларға сыйлыққа беріледі.



Ұлы Жібек жолы бойындағы Сарқанда «Мектепке жол» акциясы шәкірттерді қуантты

Аудандық ардагерлер үйінде өткен акцияны Сарқан аудандық әжелер кеңесінің төрайымы, «қазақ аналары – дәстүрге жол» РҚБ мүшесі Смаханова Ұлжахан Өзбеханқызы ұйымдастырды. Ардагерлер аналар, аналар кеңесінің төрайымдары – К.Таймасова, К.Қалиева, Е.Сүдірбаева, Ф.Тажиева, С.Ералина, С.Нурахметова, М.Жантасова, Р.Хаджымқызы, М. Сағымбаева, А. Есимова, Т.Чабденова, К.Кадирсизова, Ш.Асқарғалиева, М.Жантасова, Р.Ахмадиева игі бастаманы қолдап, көмекші мектептің бір оқушысына мектеп формасы, төрт мектептің мектептің 13 оқушысына мектеп құралдарын сыйлады.

— Ауданымызда «Мектепке жол» акциясы жылда өтеді. Қайырымдылық жасау – ежелгі бабаларымыздан бізге дейін жалғасып келе жатқан ізгілікті істің бірі. Биыл да аналарымыз бастамасымен оқу жылы басталар алдында оқушыларға қуаныш сыйлауды мақсат етіп, мектепке қажетті құралдарды тарту еттік. Баланың шынайы қуанып, риясыз күлкісінен асқан ризашылық болмас, мына жалғанда, - деп әжелер кеңесінің төрайымы Смаханова Ұлжахан Өзбеханқызы бұдан басқа да аналардың атқарып жатқан істерімен таныстырып өтті.

«Мектепке жол» акциясына Сарқан аудандық филиалының төрағасы Жанасбеков Қадыл Тұрысбекұлының қосқан қолдауын ерекше атап өткен орынды. Бүгінгі балаларға көрсеткен қамқорлық, ата-әжелердің қайырымдылығы олардың жүрегінде мәңгі сақталатыны сөзсіз. Олар да күні ертең есейгенде, қолдауға мұқтаж жандарға қолұшын созады деп сенім артамыз. Балалардың жаңа оқу жылы басталар сәттегі қуанышына ортақтасып келген аудандық білім бөлімінің әдіскері Калиев Батыр Ерланұлы құттықтап, шәкірттерге сәттілік тіледі. Сарқан қаласының «Құрметті азаматы» Баткалов Садуақас аға ұл-қыздардың мектепте үлгілі оқушысы бола білуіне тілек арнады. Игі іске ризашылық білдіріп, бата берген ардагер ұстаз Есиркегенов Болатхан ағай бүгінгі осы оқушылар ертеңгі ауылын түлетер жалынды жас бола білсін деп батасын берді. Республикалық

қайырымдылық акциясын ұйымдастырған әжелер кеңесінің әр мүшесі балалардың жанын шуаққа бөлеген ақжарма тілектерін арнады.

Еліміздің әр түкпірінің тарихының парақтарын ашқанда, ең әуелі кешегі өткен қаһармандары мен өр тұлғалы азаматтарының ерен еңбегін айтып, есімін мақтанышпен атаймыз. Сарқанның да бетке ұстар тұлғалары аз емес. Осы өлкенің біртуар ұлдары - Бұғыбай батыр мен Шиырбай шешен, Құл сері, Көтентәуіп бабаларды сарқандық бауырлар үнемі айтып отырады. Бертін келе Мұхаметжан Тынышбаев пен Әбдіқадыр Болсамбековті атаймыз. М.Тынышбаев қазақтың көрнекті саяси және қоғам қайраткері, алаш қозғалысының негізін салушылардың бірі, Алаш Орда үкіметінің мүшесі және оның төрағасының орынбасары, тарихшы-ғалым, қазақтан шыққан тұңғыш теміржол қатынастарының инженері. Оны білмейтін жан жоқ шығар. Әбдіқадыр Болсамбеков – ауданның ардақты азаматы, запастағы генерал – майор. Екінші дүниежүзілік соғысқа және Жапония мен КСРО арасындағы жауынгерлік қақтығыстарға қатысып, аты аңызға айналған адам. Ауданда өтетін маңызды шараларда көпшілік екі тұлғаға тағзым етіп, олардың ескерткішіне арнайы гүл шоқтарын қояды.

Қасиетті топырақта дүниеге келген Алаштың айтулы азаматы сазгерлер Мұқан Төлебаев, Еркеғали Рахмадиев, Күнсыйын Қуатбаев, қаламгер Кәкімжан Қазыбаев, ғалым Мұхтар Арын, өнер тарландары Құман Тастанбеков пен Сара Тыныштығұлова, ақындар Әділбек Абайділданов пен Жаскілең Қалиев, балуандар Әбілсейіт Айханов пен Аманжол Бұғыбаевтың өмірі мен өнер жолы жаңа ғана алған

сыйлықтарына риясыз қуанып, жүректеріне қайырымдылық, ізгілік пен бауырмалдық, мейірім шуағы төгілген шәкірттер жеке тұлға болып қалыптасып, болашақта ауыл адамдарының избасарлары ғана емес, бүкіл қазақ елінің жастарына үлгі болар азамат болып қалыптасатыны ақиқат.



МУСТАФИНА Сандуғаш Азезқызы,
«Батыр шапағаты», «Ұлт жанашыры»,
«Ана жүрегі» төсбелгілерінің иегері



Farabi shákirti

@farabishakirti.kz
f @farabishakirti.kz
g @farabishakirti.kz

ЗЕРЕК ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ



Глава государства посетил школу-гимназию №33 имени Кемеля Токаева

22 августа 2025 года
г. Бишкек, Кыргызская Республика

Президенты Касым-Жомарт Токаев и Садыр Жапаров посетили школу-гимназию №33 имени Кемеля Токаева, расположенную в Бишкеке.

В годы Великой Отечественной войны в этом здании размещалось Фрунзенское военно-пехотное училище. Отсюда писатель Кемель Токаев был призван на фронт.

В мае нынешнего года Садыр Жапаров выступил с инициативой присвоить данному учебному заведению имя Кемеля Токаева.

В ходе посещения Глава государства побеседовал с педагогами и учащимися школы-гимназии.

<https://akorda.kz/ru/glava-gosudarstva-posetil-shkolu-gimnaziyu-33-imeni-kemelya-tokaeva>



В Министерстве цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан состоялся Demo Day, посвященный вопросам киберугроз и кибербезопасности. В рамках мероприятия команда Центра анализа и расследования кибератак (TSARKA) представила собственные решения в сфере информационной безопасности, включая безопасный смартфон, проекты WebTotem, Tumar.One и собственный ОЦИБ (Оперативный центр информационной безопасности).



Demo Day: Современные технологии противодействия киберугрозам

Безопасный смартфон и токен против мошенников

В своем выступлении Игорь Сенюшин, руководитель R'n'D в TSARKA, который представил отечественные разработки – безопасный смартфон и USB-ключ (токен) для защиты от мошенников. Он рассказал, для чего предназначены устройства и как они будут работать в реальной эксплуатации.

«Наша цель – дать пользователям инструменты, которые защитят их от цифровых угроз в повседневной жизни», – отметил Игорь Синюшин.

Также были затронуты системные проблемы отрасли. Например, действующие таможенные законы фактически поддерживают только серийное производство, оставляя без поддержки бизнес по проектированию и инновациям.

Tumar.One – платформа краудсорсинговой безопасности

Одним из представленных проектов на Demo day был проект Tumar.One. Это крупнейшая платформа краудсорсинговой кибербезопасности в Центральной Азии с пулом около 3 000 исследователей, свыше 4 500 принятых отчетов и десятками подтвержденных уязвимостей ежегодно. Платформа стала де-факто национальной и включена в Реестр доверенного ПО. Практическая эффективность подтверждена кейсами в банковском секторе, телеком-отрасли, образовании и госуслугах.

«Мы создали пространство, где компании и исследователи работают вместе, чтобы находить и устранять уязвимости до того, как ими воспользуются злоумышленники», – подчеркнул Бекарыс Каби, директор BugBounty платформы Tumar.One.

WebTotem – контроль цифровых активов

Следующим спикером выступил руководитель проекта WebTotem Руслан Тургульдинов. Он рассказал о системе мониторинга и защиты цифровых активов, которая уже работает с десятками тысяч ресурсов по всему миру.

Сегодня у проекта есть корпоративная версия, позволяющая интегрировать сервис в процессы крупных организаций, помогает контролировать домены и вовремя устранять уязвимости.

«WebTotem помогает компаниям видеть свои цифровые активы и закрывать уязвимости до того, как они превратятся в инциденты», – сказал Руслан Тургульдинов.

Оперативный центр информационной безопасности – киберщит для бизнеса

Завершающей частью Demo Day стала презентация Оперативного центра информационной безопасности (ОЦИБ).

«Сегодня бизнес живет в цифровой среде, где хакеры атакуют 24/7. Задача оперативного центра информационной безопасности – быть щитом, который работает без перерыва и не позволяет угрозам парализовать компании. Мы предлагаем сервис, доступный для малого, среднего и крупного бизнеса», – отметил Полат Тохтахунов, коммерческий директор TSARKA.

Оперативный центр информационной безопасности предоставляет клиентам:

- круглосуточный мониторинг инфраструктуры;
- выявление и блокировку угроз на ранней стадии;
- быстрое реагирование и расследование инцидентов;
- соответствие требованиям законодательства и международных стандартов (СТ РК, ISO 27001);
- аудит и оценку рисков.

TSARKA продолжает развивать технологии, которые делают цифровую среду безопаснее, и планирует расширять сотрудничество с бизнесом, государством и международными партнерами.

Взято со специального сайта министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан

ЦИФРОВАЯ ТОРГОВЛЯ - НОВЫЙ ИМПУЛЬС ДЛЯ ИНВЕСТИЦИЙ В КАЗАХСТАН

В Астане состоялось заседание «План действий Казахстана в области цифровой торговли».

Мероприятие организовано Экономической и социальной комиссией ООН для Азии и Тихого океана (ESCAP) совместно с Министерством торговли и интеграции Республики Казахстан и АО «Центр развития торговой политики «QazTrade». Основное внимание на заседании было уделено интеграции Казахстана в региональную архитектуру цифровой торговли и выработке практических шагов по реализации национального плана действий. В мероприятии приняло участие около 40 представителей государственных органов, экспертного сообщества и бизнеса. В заседании приняли участие заместитель министра торговли и интеграции РК Асет Нусупов, резидент-координатор ООН в Казахстане Сарангу Раднаарагчаа, представитель ESCAP Витада Анукуонваттака и управляющий директор АО «Центр развития торговой политики «QazTrade» Айнура Амирбекова.

В рамках круглого стола были представлены ключевые выводы Региональной инициативы ESCAP по цифровой торговой интеграции (RDTII), основанные на комплексном анализе нормативно-правовой базы Казахстана. Результаты анализа легли в основу национального плана действий по цифровой торговле, направленного на повышение прозрачности, упрощение процедур и развитие трансграничного взаимодействия.

Алия Абдильдина, руководитель по сотрудничеству со странами Азии Департамента по привлечению инвестиций и маркетинга АО «НК «KAZAKH INVEST», отметила: «Цифровизация



торговых процессов укрепляет деловую среду — сокращает бюрократию, снижает издержки и обеспечивает большую предсказуемость для бизнеса. Мы убеждены, что современная и прозрачная экосистема цифровой торговли делает Казахстан ещё более привлекательным направлением для каждого инвестора, с которым мы работаем. Развитие цифровой торговли станет мощным драйвером для ключевых отраслей экономики, обеспечивая более эффективный выход отечественных компаний на глобальные рынки и предлагая инвесторам стабильные и прогнозируемые условия для трансграничной деятельности».

Принятые в ходе обсуждения договоренности создадут основу для укрепления позиций Казахстана в международной торговой системе и будут способствовать расширению участия отечественного бизнеса в глобальных цепочках поставок.

25 августа 2025, Profit.kz





сможешь выстоять против них. Прекрати ссору с батыром. Таков наш тебе совет! Мы заставим тебя преклонить перед ним колено!

И они принесли в дар Борану дорогой ковер и черного нара. Привели к нему и Каскарау.

— Мы привели к тебе твоего друга, - сказали люди, обращаясь к Борану. — Мы заставили его преклониться перед тобой, сказав ему: «Не считай годы, а почитай людей». В народе говорят: «Честь рода - честь батыра». Разве не видишь, что запятнана честь нашего рода. Ногаи увезли нашу невесту. Вот мы и пришли сообщить тебе об этом.

— Я так и думал, что вы собрались сюда не зря, - сказал Боран. — Но я в большом затруднении. Не ногойцев я боюсь! Не к лицу батыру об этом говорить. Путь туда далек и труден. Нельзя ехать в объезд. Надо идти от одного берега к другому. Но дорога идет через камыши. А в камышах бродят хищные звери.

Люди вздрогнули от страха, а потом сказали:

— Боран! Если тебя не страшит расстояние, то мы поедem с тобой. Мы будем сопровождать тебя.

— Нет! - сказал Боран. — Я не хочу, чтоб говорили: «Боран испугался трудного перехода и поехал в объезд моря». Лучше мне умереть, чем слышать это. Я поеду трудной дорогой, и много людей мне не надо. Дайте мне десять жигитов, которые смогут готовить обед. Дайте им двадцать лучших коней из табуна. А у меня есть свой конь, свое оружие. Чтоб не откладывать, мы отправимся послезавтра. Вы должны в день нашего отъезда собрать весь народ и устроить той. Как сказал Боран, так и было сделано.

Жигиты поочередно готовили ему горячую пищу. Так они двигались. Но вот въехали в заросли камыша. Здесь было не до сна. Они ели горячую пищу и медленно продвигались. Страшные звери то показывались, то удалялись и вновь появлялись. И вдруг из зарослей вышел страшный медведь и заревел во всю свою пасть. Жигиты Борана, не видевшие подобного зверя, попадали с лошадей. Но Боран не испугался и громко крикнул. Медведь исчез. Тогда Боран поднял своих жигитов и сказал:

— Что с вами? Зверь страшен? Но если он опять выскочит и заревет, снова будете падать с коней? Так, что ли?

Тут опять выскочил медведь и зарычал пуще прежнего. Боран рванулся к нему навстречу и громко крикнул. Медведь снова исчез в зарослях. На этот раз жигиты не попадали с коней. Они крепко держались за гривы.

— Видите, какой он страшный, - сказал Боран. — Несколько дней мы ехали без опаски, а тут на тебе! Наверно, он бросится в третий раз. Тогда я пойду

В давние времена жил батыр Боран. У него был друг Каскарау, с которым он был в ссоре. У Каскарау была невеста из рода Ногай. Как-то раз ногойцы откочевали в другое место и увезли с собой девушку. Каскарау не поехал за ней, а собрал своих людей и спросил у них: как ему поступить? Место, куда перекочевали ногойцы, было очень далеко. Они перешли через море. А это море было очень широкое. Объехать его можно только за три месяца. Был и другой путь. Можно за пятнадцать дней перейти с одного берега до другого. Но короткий путь опасный. Он покрыт камышами. А в них водились страшные звери: медведи, тигры, волки и разные чудовища.

Каскарау обратился к своим людям, и они ему сказали так:

— О чем ты говоришь, Каскарау? В старину говорили: «Хоть тысячу раз каркнет ворона, не придет год, а гусь крикнет один раз - и год явится». Что из того, что мы собрались? Помочь тебе мы ничем не можем. Зачем ты ссоришься с Бораном? Кто тебя защитит, если нападут враги? Сам ты не

на него. Сама смерть привела его ко мне. Прошу вас, не пугайтесь его рева. Если упадете с лошадей, то не унести вам костей. И не мешайте мне.

Боран не договорил. Из зарослей вышел медведь и зарычал. Боран не растерялся. Но на этот раз медведь не испугался батыра и кинулся на него. Боран соскочил с коня и пошел на медведя. Они сцепились в страшной схватке. И когда медведь собирался положить свои лапы на плечи Борана, батыр схватил медведя одной рукой за горло, а другой ударил его по голове. Удар был так силен, что голова сразу же разлетелась на куски. Так они избавились от первой опасности, встреченной на своем пути. Прошло четырнадцать дней. На пятнадцатый день стали уже выходить на другой берег, как вдруг на пути встретились заросли. Боран сказал жигитам:

— Я слышал, что здесь собирается нечистая сила. Нам надо остановиться, накормить коней, не снимая с них седел, а пораньше утром выехать в путь. Пока не наступила ночь, приведите в порядок свои доспехи и будьте готовы ко всему.

Сказал так Боран и прилег. Девять жигитов тоже прилегли, а десятый стал готовить обед. Он развел костер - дым пошел на него. Он удивился: «Почему дым идёт в мою сторону?». Поднял жигит голову и видит: прямо перед ним сидит страшное волосатое чудовище. Жигит крикнул и разбудил товарищей. Все они прижались к Борану. То же самое, точь-в-точь, проделало волосатое чудовище. Оно было не одно, сзади него сидели такие же чудовища. Это были жезтырнаки. Вся их сила была в руках. Пальцы на них, как когти орла. Тело всё покрыто густой шерстью.

Боран попросил своих жигитов сесть - и чудовище усадило своих. Боран не знал, что делать дальше. Он не на шутку перепугался чудовища, которое его передразнивало. Боран решил прибегнуть к хитрости. Он подошел к костру и подбавил огня. Чудовище проделало то же самое. Боран подошел к мешку с продовольствием, вытащил кусок бараньего сала и насадил его на палку. Нож спрятал в мешок, подошел к костру и стал растапливать сало. И когда оно растопилось, Боран стал размазывать его по голому телу. Затем бросил жезтырнакам палку, обнял огонь и сказал: «Иди, батыр, померимся силами». Чудовище проделало то же самое.

Но как только оно подошло к огню, сало загорелось и пламя охватило все волосатое тело чудовища. Жезтырник бросился к своим. Пламя перекинулось на них. Все страшилища побежали в камыш — загорелся камыш. Жезтырнаки стали гасить огонь водою. Дым застилал их. Одно из

чудовищ, убегая, крикнуло: «Подожди, Боран, мы еще встретимся!». Боран воспользовался суматохой, вскочил на коня и вместе со своими жигитами тронулся дальше в путь, а огонь разгорался все сильнее. Ехали они спокойно целый день. К вечеру огонь утих, дым рассеялся. Жигиты радостно проговорили:

— Кажется, счастливо мы отделались!

— Подождите радоваться, - сказал Боран. — Ведь вы слышали, что сказал один из них. Значит, они не оставили нас. Вот управятся с огнем и догонят. И чем эта встреча кончится для нас, неизвестно.

Но вот дым совсем рассеялся, и они увидели пыль. Это двигались чудовища.

— Ну, друзья, - сказал Боран, — теперь они нас догонят. Если они придут сюда, вы не мешайте мне с ними сражаться, уходите. Я не обижусь. Жигиты стали возражать Борану и говорить, что первый раз они испугались спросонок, не разобравшись, в чем дело. Их десять, и они могут противостоять десяти. Так они ехали и спорили. И вдруг заметили приближение чудовищ. Жигиты забыли о своей храбрости и решили последовать совету Борана. Они поехали вперед, оставив батыра одного. Боран повернул коня на восток и стал ждать.

Жигиты к вечеру добрались до высокого холма и стали наблюдать с высоты. Они плакали: «Если Боран погибнет, не видать и нам родины!». Потом они заметили на дороге что-то черное. Одни говорили, что это Боран, другие - чудовища! Недаром в народе говорят, что «трусливому все двоятся».

Но вот один из них крикнул:

— Да это ж наш Боран!

Подъехал Боран. Все были очень рады его видеть. Батыр изменился в лице, побледнел, осунулся, глаза впали. Он и его конь были в крови. Когда жигиты обступили Борана, он сказал:

— От врагов мы счастливо отделались. Есть ли здесь вода? Надо переночевать, напоить коней, отдохнуть и завтра - в путь. Боран слез с коня, подложил седло под голову и заснул богатырским сном. Жигиты от волнения не могли заснуть и всю ночь просидели возле костра, готовя обед Борану.

Утром они прибыли к ногайцам. Сваты не могли устоять перед батыром. Они делали то, что он им приказывал. И снарядив невесту Каскарау, они с почестями проводили гостей. На обратном пути жигиты увидели трупы жезтырнаков, которых перебил Боран. Их было больше шестидесяти...

<https://nukadeti.ru/skazki/batyr-boran>

10 SIMPLE LIFE HACKS FOR SCHOOL STUDENTS

Here we are with Life Hacks for School that has proven to be helpful over the years, from learning tips and ways to study with the help of the Internet to pieces of advice on hiring essay writers and writing down effective notes. Education is an important part of our life. It is quite developed for sophisticated times now. You can even buy college term paper in minutes these days. Aside that, the goal of everybody is to make education process easier by using technologies and of course Internet like essay formatting online. So, we came up with some juicy school hacks for students.

HERE ARE THE TOP 10 SCHOOL HACKS FOR STUDENTS

1. Training place

Both the workplace and the study should be comfortable and attractive. Armchair and table – ergonomic. The light is correct. Comfort – maximum. The place should be such that you want to spend as much time as possible in it. It is worth spending some money and time on its optimization.

2. Planning and writing notes

Second on our of hacks for students is planning and writing notes. It's hard to love a process that looks like a huge block. I want to run away from this block – it can crush. But planning breaks the array into small digestible pieces. Be sure to make a plan for the day with a list of tasks. Technology makes our lives a lot easier and makes the learning process more efficient. However, you should not write off the accounts of good old friends – paper and pen. It will certainly not be news to you that information is assimilated even better if you take notes or take notes by hand. Make short notes when you have the opportunity. And most importantly, decorate them with various drawings and symbols.

The fact is that more than 40% of knowledge is acquired through visual memory. The brain is arranged in such a way that even when we read the text, each letter is perceived as a separate picture. If you want to better learn new knowledge, you need to give your brain visual food. Just writing down important facts in a concise way is good. But if you add color markers, charts, learning worksheets and

sketches to your notes, the training will be more effective. Doodles, shortcuts, a symbolic image of any concepts, colored stickers, large patterned numbers, funny sketches, infographics on the topic ... All the visual information that you can add to your notes, will significantly improve your performance and also improve your mood. So with a clear conscience, allow



yourself to spend time on such “decoration”. This is definitely one of the school hacks that have proven to be effective over the years.

3. Summarizing

It is better to write once than to reread seven times. Annotation helps to assimilate the material faster and deeper. Rule: you read – write down. Not all in a row, but key ideas.

4. Half an hour and a break

As you do the learning process, set a timer. For example, for half an hour. It's been 30 minutes – arranged a 5-minute rest. Looked out the window. Did a warm-up. They made tea. And again dived for 30 minutes in the learning process.

5. Warm-up or stretching

Midway through our list of life hack for school is warming up. Sedentary lifestyle is fraught. And study, as a rule, is a continuous sitting. Get in the habit of diluting the learning process with warm-ups

or stretching to relieve muscle tension and improve blood circulation (which is directly related to the brain).

6. Social networks

Establish strict control over social networks. As a rule, they devour a huge amount of time – up to several hours a day. Limit this time – for example, 15 minutes in the morning, during lunch break and at bedtime.

7. Internet to help

By the way, the Internet can be used more efficiently. For example, to study educational material with its help. As a rule, it is presented boringly in textbooks. But performed by a blogger or in the form of a popular science film, it comes with a bang.

8. The teacher themselves

You can play role-playing games. For example, sit a plush toy (or a live dog) opposite and bring the new material to the “listener” as intelligibly and interestingly as possible.

9. Multitasking

Let's talk briefly about multitasking – no multitasking. This only complicates and slows down the learning process. Take on one thing – bring it to an end. Switching from one study material to another or, worse, doing several things at once is, in essence, a waste of time, no matter how attractive the idea of multitasking may seem to you.

10. Caring for the body

Summing up our students life hacks is caring for the body. When we talk about learning, we mean the physical resource – the capabilities of the body in general and the brain in particular. This resource is exhaustible, and it needs to be fueled. This means that for effective, easy and joyful learning it is extremely important to get a good night's sleep, eat right and exercise. In a healthy body – a healthy learning spirit. Do sports. Exercise helps the brain: 15 minutes of activity can improve memory and restore clarity of consciousness.



<https://geniuzmedia.com/life-hack-for-school/>

КЕЛІҢІЗ, ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

Республикалық Farabi shákirti – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқырманға тарайтын, мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-аналарға арналған танымдық журнал.

Журналдың цифрлық форматына жазылу жалғасуда.

6 ай - қала және ауыл/село бойынша –3187.20 тг; 12 ай – 6374,40 тг.

Занды тұлға үшін: 6 ай- 3541.68 тг. 12 ай- 7083.36 тг. Жазылу индексі: 76081

Тел: 8 (701) 730-93-12, Алматы

*Мәлімет «Қазпочта» АҚ-ның ресми каталогынан алынды.

